

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1297 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1502 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 448 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.05.2013 N 448 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1297 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 44, 441-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтерін белгілеу, келісу ж ә н е б е к і т у е р е ж е с і н д е :

кіріспедегі «2004 жылғы 24 сәуірдегі» деген сөздер «2008 жылғы 4 желтоқсандағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 2) тармақшасындағы «туралы деректерді» деген сөздерден кейін «(есепті жыл үшін таза табыстың бір бөлігін аудару және аванстық аударымдар туралы төлем тапсырмаларының көшірмелерін қоса бере отырып)» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10-тармақтағы «Министрліктің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті» деген сөздер «Министрлік» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*